

БӨЛІМ: ЭССЕ

"Ұстаздық еткен жалықпас" ЭссеЖАРИЯЛАНДЫ
17.01.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/32230/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Игенбаева Жадыра Толеужановна

Дүниедегі мамандық атаулының төресі-ұстаздық. Әсілі, мұғалім барлық мамандық иесін тәрбиелейтін, оқытып үйрететін мейірімді абзал жандар.

«Мұғалім мамандығы - барлық мамандықтың анасы» демекші, ұстаз алды

нан тәрбие алмайтын жан жоқ. Ұстаз берген тәрбие әрбір жанның өміріне жол сілтер шамшырақ секілді. Ғылым иесі ғалым да, ел қорғаған батыр да, тілінен бал тамған ақын да,

тегеуріні темір балқытқан жұмысшы да, егін салған диқан да, мал бағып

терін төккен шопан да, көк күмбезінен әрі өткен ғарышкер де бәрі-бәрі

ұстаздан білім, тәлім алған. Сондықтан ұлағатты ұстаздарға бүкіл адам ба ласы құрметпен бас иеді.

«Ұстаз болу - өз уақытыңды аямау, өзгенің уақытын аялау» — деп француз ойшылы **Жан Жак Руссо** айтпақшы, ұстаздардың еңбегі ерен. Шәкірт санасы на білім нәрін сеуіп, ел болашағының өрендерін тәрбиелеп шығару — екiнiң бiрiнiң қолынан келе де бермейдi. Ұстаз болу - жүрек жылуын, мейірім шуағын, адамгершілік ұлылығын баланың бойына дарыту. Ұстаз болу - шәкіртке ата-анасындай болып тәрбие сыйлау. Ұстаз болу - жас ұрпақтың жарқын болашаққа барар жолын айқындап беру.

Қай заманда болсын, ұстаздарға құрмет жоғары болған.

«Адамның адамшылығы — жақсы ұстаздан» деп ұлы **Абай** айтқандай, мұғалім тәрбиесі мен өнегесі оқушының болашақ азығы. Жақсы ұстазға кезігіп, тәлім-тәрбие алған шәкірт өмір майданында мойымай күресіп, болашақ жолдарда бағытынан таймасы

анық.

Ұрпақ болашағы, халқымыздың келешегі қазіргі ұстаздардың қолында.

Тәуелсіз ел атанып, төбемізге ту тігіп, тіліміздің мәртебесі артып, әлемге атымызды танытып жатқан кезеңде ұлттың, елдің болашағы-жас ұрпақ тәрбиесіне де мықты көңіл бөлінуде. Осы егеменді, тәуелсіз Қазақстанда өркениетке бастар жолдың бастауы мектеп десек, мектептің басты тұлғасы, жүрегі-мұғалім.

Мен бүгінгі таңда Қарағанды облысы Бұқаржырау ауданы КММ «Үштөбе орта мектебі» нде бастауыш сынып мұғалімі болып қызмет істеймін.

Менің өзіме қояр талабым, алдыма қойған мақсатым жоғары. Ұстаздардың ғылымның соңғы жаңалықтарын күнделікті сабақтарында пайдалануда білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялардың орны ерекше.

Жаңа педогогикалық технологиялар арқылы бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастырудың жаңашылдығы ерекше. Ақпаратпен жұмыс істей алу білімін қалыптастырады және қатынас жасау қабілетін туғызады. Жаңа таным құралдарын пайдалануға және ұйымдастыруға жағдай жасайды. Білім беруді ақпараттық тұрғыдан қамтамасыз етеді. Оқушылар өзіне қажетті ақпаратты жедел түрде алады. Білім сапасын арттыруға септігін тигізеді. Оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырады. Оқытудың ой — өрісін, дүниетанымын кеңейтеді. Алған білім негізін дамыта отырып оқушының шығармашылық деңгейін шыңдап, жетістіктерге жетуіне көмектеседі. Жаңа ақпаратты жинақтап салыстырып, жүйелеп, нақты қорытынды жасап дәлелдейді. Алған білімін талдап, жинақтап, жүйелілікке қалыптасады.

Қорыта келгенде мен өзімнің тандаған мамандығыма үлкен жауапкершілікпен қараймын. Ш.А.Амонашвилидің «Мұғалім өз сабағын сүймесе, оған өзі сүйсіне білмесе, ол шәкірт бойында да сүйіспеншілікті дарыта алмайды...» деген сөзі босқа айтылмағаны белгілі. Себебі, мен әр сабағымда оқушымен қарым-қатынасты, олармен сайлау мәнерін, сабақты ашып түсіндіру, оқушы бойына қызығушылық туғызып, оқушының жан-жақты болуына үлкен көзқараспен, сенімділікпен қараймын. Сонымен қатар оқушылардың ойын жинақтай отырып, еркін, қысылмай сөйлеуіне жете көңіл бөлемін. Кәсіби міндетім- бастауыш сынып мұғалімі болғандықтан балалардың ақыл-ой ынтасын көтеріп, білімді игеруге ынтасы мен дағдысын қалыптастыру, ойлау қабілетін шыңдау, сөйтіп жан-жақты дамыған, жаңаша, тәуелсіз ойлай алатын, білімді жас жеткіншектер тәрбиелеп шығару. Жаңашыл ұстаз шәкіртке жан — жақты білім беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік ақпарат кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жайында өмір сүруге тәрбиелеу — өзімнің басты парызым деп санаймын.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.